

Майлықент ауылдық округіндегі атаусыз көшелер мен саябаққа атаулар беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің Майлықент ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 15 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 1 ақпанда № 4435 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және 2017 жылғы 22 желтоқсандағы Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде Майлықент ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Майлықент ауылдық округіндегі атаусыз көшелер мен саябаққа келесі атаулар берілсін:

1) Майлықент ауылдық округіндегі, Жанкент шағынауданындағы атаусыз көшеге Астана атауы;

2) Майлықент ауылдық округіндегі, Жанкент шағынауданындағы атаусыз көшеге Мәңгілік ел атауы;

3) Майлықент ауылдық округіндегі, Жанкент шағынауданындағы атаусыз көшеге Құланды атауы;

4) Майлықент ауылдық округіндегі, Жанкент шағынауданындағы атаусыз көшеге Шұбайқызыл атауы;

5) Майлықент ауылдық округіндегі, Телевышка шағынауданындағы атаусыз көшеге Тәуелсіздік атауы;

6) Майлықент ауылдық округіндегі, Телевышка шағынауданындағы атаусыз көшеге Ұлы дала атауы;

7) Майлықент ауылдық округіндегі, Телевышка шағынауданындағы атаусыз көшеге Ұлы Жеңіс атауы;

8) Майлықент ауылдық округіндегі, Телевышка шағынауданындағы атаусыз көшеге Жерұйық атауы;

9) Майлықент ауылдық округіндегі, Телевышка шағынауданындағы атаусыз көшеге Желтоқсан атауы;

10) Майлықент ауылдық округіндегі, Телевышка шағынауданындағы атаусыз көшеге Көкжазық атауы;

11) Майлықент ауылдық округіндегі, Нұршуақ шағынауданындағы атаусыз көшеге Самал атауы;

12) Майлықент ауылдық округіндегі, Нұршуақ шағынауданындағы атаусыз көшеге Алмакент атауы;

13) Майлыкент ауылдық округіндегі, Жанкент шағынауданындағы атаусыз саябаққа Тұңғыш Президент саябағы атау берілсін.

3. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Майлыкент ауылдық округі әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Түлкібас ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Майлыкент ауылдық округі әкімінің орынбасары А.Мусралиевке жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

К.Жартыбаев